

**Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі қызметкерлерінің айырым белгілері және формалы киімдердің сипаттамасы, оларды беру нормалары мен формалы киім-кешек алуға құқы бар лауазымды категориялардың табелін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 мамыр 1993 ж. N 366. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі қызметкерлерінің айырым белгілері және формалы киімдердің ұсынылып отырған сипаттамасы, оларды беру нормалары мен формалары киім-кешек алуға құқы бар лауазым категорияларының табелі бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 6 мамырдағы  
N 366 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі қызметкерлерінің айырым белгілерінің, нысанды киімінің сипаттамасы, оларды беру нормасы және нысанды киім-кешек алуға құқы бар лауазымдық санатының табелі

**ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР КИІМДЕРІ**

I. Жоғары, аға және орта басшы құрамға арналған ерлер пәлтесі

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 233-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Түймеленетін мақталы астарлы және түймеленетін мех жағалы ерлер пәлтесі драптан тігіледі: екі қаусырма өңірлі, тік, жеңдері қосылып тігіледі, еркін ф о р м а д а                      б о л а д ы .

Жағасы қайырмалы. Жағалық қайырмаға дейін пәлте формалы үш түймемен т ү й м е л е н е д і .

Екі жанында қақпақты, қиып салынған қалталары болады. Арқа ортасындағы тігісі етегінің айрығына дейін түсіріледі.

Айырықтың үстіңгі жағының шеті 1,5 см-ге, төменгі жағы 0,7 сантиметрге ж е т к і з і л е д і .

Айықтың үстіне 45 градус бұрышталып келетін кесекөлденең машина тігісі ж ү р г і з і л е д і .

Белдегі тілшік үш бөліктен тұрады, қапталдық тілшіктер ортасындағысымен екі түймемен және екі торланған ілгекпен түймеленеді. Тілшік пәлтенің арқа тұсын 6 сантиметрге керіп тұрады. Жеңдері екі тігісті. Өңірлері шетінен 1,5 с а н т и м е т р г е қ а й ы м д а л а д ы .

Өңірлердің ішіндегі қалталар астардың астына төмен қарай жіберіліп, ұзына бойына қоса тігіледі. Астар пәлтенің етегіне дейін жеткізіледі. Мақтамен сырылған жеңсіз астар өңірлерге он түйме арқылы және ілгекпен түймеленеді. Торланған ілгектер ішінде болады. Түймелер жылы сырманың жиегіне қадалады.

Сырманың алқымы пәлтенің алқымына қадалған үш түйме және сырыманың жабыстырыла тігілген ілгегі арқылы түймеленеді.

Сырманың арқалығы мен қапталдарына ромба тәрізді тігіс қатарлап жүргізіледі, олардың ара қашықтығы -4,5-5,0 сантиметр. Бұл жолдар етегіне 4 с а н т и м е т р ж е т к і з і л м е й д і .

Пәлтенің мех жағасы пәлтенің мех жапсырылған негізгі жағасының астына қадалған б е с т ү й м е г е т ү й м е л е н е д і .

Мех жаға пәлтенің алқымдарымен және бойларымен астарлық матадан жасалған бес баулық пен қадалған бес түйме арқылы түймеленеді.

II. Жоғары, аға және орта басшы құрамға арналған ерлердің жазғы пәлтесі

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 221-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Ерлердің жазғы пәлтесі қара-көк түсті жүн және жартылай жүн матадан тігіледі, бір өңірлі, еркін формалы, тік, жеңдері жапсырмалы, белінде айылбасты, жылжымалы белдікшесі бар белдік болады.

Пәлте қайырмаға дейін үш формалы түймемен түймеленеді.

Ж а ғ а с ы қ а й ы р м а л ы .

Арт бойының ортасындағы тігісі етек айырығына дейін жеткізіледі, айырық үстінен көлденең машина тігісімен бекітіледі.

Екі қапталында қақпағы бар қиылып келтірілген қалталары болады. Оң қалтаның қалтатүп әдібіне қосарлана кішкене қалташа орналасқан.

Жеңдері қос тігісті, тұтас пішілген, ішкі жағынан сырты түстес астармен астарланады. Жеңдерінің төменгі жағына жең аузынан 5 және 9 сантиметр жоғары екі формалы түйме қадалады.

Пәлте жағасына, өңірлік қайырмалығына, өңірлеріне, қалта қақпақтарына, белдігіне, айырықтың үстіңгі жағына шет жағынан 1 см қалдырып қалың тігіс

жүргізеді. Астары етегіне дейін жеткізіліп қалтаның астар жағына қақпақ астына  
т ы с т ы қ                      м а т а                      т і г і л е д і .

Пәлтені белдікпен де, белдіксіз де киіп жүруге рұқсат етіледі.

III. Жоғары, аға, орта және кіші басшы  
және қатардағы құрамға арналған плащ

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 366-65 моделі (Мәскеу қаласы).

Плащ резиналы У-37 матадан тігіледі, бір өңірлі, еркін формалы, белінде  
белдігі бар, формалы үш түймемен түймеленеді. Белдігі айылбасқа бекітіліп,  
б е л д і к ш е д е н    ө т к і з і л е д і .

Жағасы қайырмалы. Қайып тігілген өңір мен жан қалталарына сырма қалта  
аузы                      салынып,                      қиылып                      келтіріледі.

Ортасында тігісі бар иықтамалы арқалығы етегінде айырықпен аяқталады.

Жеңдері қостігісті, қаусырылып тұтас тігіледі.

Жаға, өңірлер, иықтамалар жіктерінің тігісі, жеңдердің тігісі, қалта  
қақпақтары мен белдіктер ішіне қарай бүгіліп көмкеріледі.

Плащтың етегі мен жеңдерінің аузына 1 сантиметр қалдырып қалың тігіс  
ж ү р г і з і л е д і .

Плащ астарсыз болады.

IV. Кіші басшы және қатардағы құрамға  
арналған ерлердің шолақ пәлтесі

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 219-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Екі қаусырма өңірлі шолақ пәлте, тік, еркін формалы, жеңдері қосылып  
тігіледі. Драптан немесе мәуітіден тігіледі.

Ж а ғ а с ы                      қ а й ы р м а л ы .

Шолақ пәлте өңірлік қайырмаға дейін формалы үш түймемен және алқымға  
дейін төртінші түймемен түймеленеді.

Сол өңірінде де сондай төрт түйме болады.

Жан қапталдарында қиыла келтірілген жапсырма қақпақты қалталары болады

Арқасының ортасындағы тігіс етек айырығы басталған жерге дейін  
жүргізіледі, тілшігі үш бөліктен тұрады.

Бүйірлік тілшіктердің шеттері ортасындағымен формалы түйме және торлама  
і л г е к                      а р қ ы л ы                      т ү й м е л е н е д і .

Айырықтың үстіңгі жағы ішіне қарай бүктеледі де, төменгі жағына шетінен 1  
сантиметр жер қалдырып, қалың тігіс жүргізіледі.

Өңір астындағы қалталары төмен түсіріліп, астарлық матамен жиектеліп,  
қ а л ы п қ а    к е л т і р і л е д і .

Шолақ пәлтенің астары етегіне дейін жеткізіледі.

Негізгі астарынан басқа шолақ пәлтеге жеңсіз, белден төмен, мақталы астары бар жылы сырма түймеленеді.

Мақталы сырима өңірдің астына 13 түймемен және ілгекпен түймеленеді.

Ілгектер өңірлер бойында торланып жасалады.

Түймелер жылы сырманың өңірлік шетінен қадалады.

Жылы сырима, алқым тұсынан бір түймемен бір ілгекпен түймеленеді.

Ілгек жылы сырманың өңіріндегі шеттерінде торланады, ал түйме алқым тұсына қадалады.

Жылы сырманың арқалығы мен омырауларына жарыса келетін ромба тәрізді тігістер жүргізіледі, олардың арақашықтығы 4-4,5 сантиметр, тігіс етегіне 2 сантиметр жеткізілмейді.

Жеңдері қостігісті, тұтас пішіліп, астары тысының түсіндей болады, жеңдеріне аузынан 5 және 9 см жоғары екі формалы түйме қадалады.

Шолақ пәлте құлақшынмен бірге киіледі.

#### V. Әйелдер пәлтесі

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 1-2585-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Әйелдер пәлтесі екі қаусырма өңірлі, еркін формалы, тік, қара-көк түсті жүннен тоқылған драп матадан тігіледі. Жағасы қайырмалы. Негізгі жағаға торланған бес ілгекпен және бес баулықпен бес түймеге түймеленетін мех жаға бекітіледі. Пәлте өңірлік қайырмаға дейін үш формалы түймемен түймеленеді.

#### VI. Әйелдер плащы

ТУ. Санкт-Петербург Сәнді киімдер үйінің N 2-350 моделі.

Плащ қара-көк түсті плащтық материалдардан жасалынады, бір өңірлі, еркін формалы, белінде белбеуі болады, бес формалық түймемен түймеленеді. Жағасы қайырмалы, белбеуі алмалы-салмалы. Алдыңғы бойының иініші болады, қапталдарында қиылып келтірілген жапсырма қақпақты қалталары бар. Арқасы да иінішті болады. Жағасының, өңірлерінің, алдыңғы бой иініштерінің, жеңдерінің тігістері, белбеулерінің шеттері көмкеріліп, қалың тігіс жүргізіледі. Плащ етегі мен жеңдерінің аузына ені 1 см жерден қалың тігіс жүргізіледі, астары сыртқы матамен рендес келеді.

VII. Жоғары, аға және орта басшы құрамға арналған ерлер костюмі (пиджак пен шалбар)

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 220 моделі (Мәскеу қаласы).

Екі қаусырма өңірлі ерлер костюмі пиджак пен шалбардан тұрады, қара галстукпен және ақ көйлекпен киіледі, жүн және жартылай жүн маталарынан тігіледі.

Ерлер пиджагы екі қаусырма өңірлі, жартылай денеге жабысып тұратын нысанда болады, жеңдері қосылып тігіледі.

## Ж а ғ а с ы                      қ а й ы р м а л ы .

Пиджак өңірлік қайырмаға дейін формалы түймелермен түймеленеді. Қапталдары қиылып тұйықталады, қолтық тігіспен белден төмен түсіріледі. Жан қалталары қиылып келтіріледі, қақпағы болады, сол жақ бойының кеуде тұсында, жапсырма қақпақты төс қалтасы бар.

Арқасының ортасынан тігіс жүргізіледі.

Жеңдері қостігісті, екі жең аузына формалы түйме қадалады. Өңірлері, өңірлік қайырмалары, жағасы, пиджактың етегі, қалтаның қақпақтары мен жапсырма қақпақтары шет жағынан 0,2-0,3 сантиметр көмкеріледі.

Пиджак астарлы болады.

Астарының ішкі қапталында тыстық материалдан жасалған қалталары болады.

Айырым белгілері тігіліп беріледі.

Шалбарының мықынға дейін (әрбір жартысында екіден) бүрмесі болады.

Белдіктің тігісі бойында сағат қалта жасалынады.

Шалбардың артқы жағында төрт (әрбір жартысында екіден) қынамасы болады.

Оң жақтағы артқы жартысында бір түймемен және ілгекпен бекітілетін қалтасы болады.

Белінде белбеу өткізілетін алты белдікшесі бар.

Белдігінің алдыңғы жартысындағы үйірлік тігіс деңгейінде барлық түймешелермен ілгектенетін тілшіктер тігіледі.

Бант астыңғы жағымен (гульфикпен) төрт түймемен түймеленеді, үстіңгі жағында бір-біріне кигізілетін металдан жасалған ілгек болады.

Шалбардың манжеті жоқ, етегінің ені 25 сантиметрден аспайды.

VIII. Жоғары, аға және орта басшы құрамға арналған ерлер костюмі (куртка мен шалбар)

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 237-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Ерлер костюмы куртка мен шалбардан тұрады, жүн және жартылай жүн матадан тігіледі.

Куртка бір қаусырма өңірлі, еркін формалы, төменгі жағында ысырмалы белдігі бар.

Ж а ғ а с ы                      қ а й ы р м а л ы .

Куртка өңірлік қайырмаға дейін төрт формалы түймемен түймеленеді.

Арқалығы тұтас иықтық тігістерден бір тігіс арқылы төмен түсіріледі, төменгі тігіс бойымен екі жұмсақ орамды белдік болады. Қапталдарының жоғары жақтарында жапсырылып тігілген қалталары бар. Жеңдері ұзын, бір тігісті, етегінде тысы мен астары бірдей манжеті бар.

Манжеттің тілігі үстінен көлденең тігіс жүргізіледі. Жеңдерінің жоғары жағындағы манжет тігістерінің бойымен иіндері сыртқа қарай екі жұқа қатпар салынады. Манжеттер формалы бір түймемен және ілгекпен бекітіледі.

Етегінің қапталдық тігістері айырық түрінде болады, олар тігістермен бекітіледі, алдыңғы бойларының белдігі арқалығының белдігіне бір түймемен және ілгекпен түймеленеді.

Жағасы, манжеттер, өңірлер, қапталдық тігістер, белдік, жеңдердің қапталға түсетін ендіктері 16 см аралықта және арқалығынан шынтақтық тігіске дейін ені 0,5 см тігістік жолмен жүргізіледі. Куртка астарлы. Астарындағы қалталар тыстық матадан жасалып оған жапсырыла тігілген.

Жапсырмалы қалталар мен оларды қақпақтары қостігісті жолмен: біріншісі - шетінен, екіншісі - алғашқысынан 0,5 см аралықта жүргізіледі. Куртканың иықтық тігістері бойымен айырма белгілері бар алмалы-салмалы колоткалар орналастырылады.

Шалбарының алдыңғы жағында мықын тұсында жан қалталары болады. Белдігінің тігіс бойында сағат қалтасы бар.

Шалбарының артқы жағында төрт (әрбір жартысына екіден) қатпары болады.

Оң жақ артқы жартысында формалы бір түйме, бір ілгекпен түймеленетін қалтасы болады.

Белінің белбеу өткізетін алты белдікшесі бар.

Белдігінің алдыңғы жартысында бүйірлік тігіс деңгейінде екі түймемен түймеленетін созылмалы тілшелер орналастырылады.

Бант астыңғы жағымен (гульфикпен) төрт түймемен түймеленеді, металды ілгекпен ағытылатын тілше ілгегімен бірге соңғы жағында болады.

Шалбар манжетсіз, етегінің ені 25 сантиметрден аспайды.

IX. Жоғары, аға және орта басшы құрамға арналған ерлердің жазғы костюмі

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 234-64 (жейде) және N 234-64 (шалбар) моделдері (Мәскеу қаласы).

Жазғы костюм қысқа жеңді жейде мен шалбардан тұрады. Костюм кара түсті аяқ киіммен бірге киіледі.

Жейде еркін киіледі, тік, формалы төрт түймемен түймеленеді. Жағасы мен жағалық өңірі қайырмалы. Омырауларында қақпақты екі жапсырма төс қалтасы бар, олардың әрқайсысы екі түйме арқылы түймеленеді. Арқалығы тұтас келіп, иықтық тігісі бір жолмен жүргізіледі.

Жеңдері бір тігісті, қысқа етегіндегі ені 4 см, манжеті сыртына қайырылады.

Жейденің барлық бөліктеріне (жағасы, манжеттері, омыраулықтары, қалта қақпақтары, жеңдерінің қолтық тұстары) ені 0,5 см қалың тігіс жүргізіледі. Қалтаның жоғарғы шетіне ені 2,5 см-лік тігіс жүргізіледі.

Жейденің етегі 1,5 см енділікпен көмкеріледі.

Жейденің иықтық тігістігі бойымен алмалы-салмалы айырма белгілері орналастырады.

Шалбарының белі тұсында алдыңғы жартыларының үстінде қатпар мен жан қалталары бар. Белдік тігістігі бойында сағат қалтасы болады.

Шалбарының артқы тұсының белдігі бойында төрт (әрбір жартысында екіден) қатпаршасы бар. Оң жақ артқы тұсында бір баулықпен және формалы бір түймемен түймеленетін қалтасы болады.

Алдыңғы жағының белдігінде бүйірлік тігістіктер деңгейінде екі түймемен бекітілген ілмек-тілшелері болады.

Бант астыңғы бөлігіне (гульфикпен) төрт түймемен түймеленіп, ұшы металдан жасалған ілгекпен және тілшемен ұстатылады.

Шалбардың манжеті жоқ, балағының ені 25 сантиметрден аспайды.

Х. Әйелдердің жазғы костюмі (блуза мен белдемше)

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 2-4461-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Әйелдердің жазғы костюмі ұзын жеңді блуза мен белдемшеден тұрады, мақтама тарадан тігіледі.

Блуза тік, еркін формалы болады, алды омырауы төрт тігінен торланған ілгекпен формалы төрт түймеге түймеленеді.

Бүйір тігістікпен өрілетін кеуде тұсы бойындағы қосымшаларында бір-бірден ішкі жолақ жүргізіледі. Арқасы тұтас, жоғары жағында түсірме иніші болады. Иніштің бойы тігістігімен бір бағытта төрт бүрме жүргізіледі. Бүрмеліктер иіле келіп беткі тұсында ойықтармен ұластырылады. Иніш қос қабатты.

Жеңдері бір тігісті, аузында манжеттер торланған екі баулықпен және формалы екі түймемен бекітіледі.

Жеңдегі түймелік астында манжеттің тілігі болады. Жеңдерінің манжеті қайып тігілген тігістігінің бойымен бір бағытта екі бүрме жүргізіледі. Бүрмеліктің сыртқы иіндері арқаға қарай бүгіледі.

Жеңнің иық бойының тігісіне блузаға формалы түйме арқылы түймеленетін шағын погондар тігіледі.

Өңірлері, жағасы, шағын погондары, манжеттері мен арқалық иніштері шетінен 0,5 см қалдырып, қалың тігіс жүргізіледі.

Басшы құрам үшін блузаның иықтық тігісі бойымен тігілген шағын погондар орнына айырмалық белгісі бар алмалы-салмалы қатырмалар орналастырылады.

Белдемше төрт - алдында екі, артында екі тігісті болады. Белдемшенің шеттерін дөңгелентіп тіккен белдігі, сол жағына бөксеге сыдырмақ салынып торланған баулықпен және белдіктегі түймемен бекітіледі.

Белдемшенің алдыңғы бойының бүйірлік бөліктері мен бүйірлерінде әр

бойынан бір-бір ішкі тігіс жүргізіледі.

Белдемшеге арналып алмалы-салмалы белдік жасалады. Жолақты гро-гро белдігі ілмегі бар екі тілікті белдікшемен иіріліп те, тұтастай да жасалынады.

Белдемшенің алдыңғы және артқы тігістері, сондай-ақ белдігі шетінен 0,5 см қалдырып, өрме тігіс жүргізіледі.

XI. Әйелдер костюмі (жакет пен белдемше)

ТУ. Сәнді киімдер үйінің N 1-2586-64 моделі (Мәскеу қаласы).

Әйелдер костюмі жакет пен белдемшеден тұрады, жүн және жартылай жүн м а т а д а н т і г і л е д і .

Жакет бір қаусырма өңірлі, еркін формалы, жеңі қосылып тігілген болып к е л е д і .

Жағасы қайырмалы, өңірдің ойығына дейін қосылып тігіледі.

Омырауы алқымынан бастап кеудесіне тігіспен және бүйірлік тігіспен б і р і к т і р і л е д і .

Қақпақты жан қалталары қиылып келтіріледі.

Арқалығы желкесінен басталып тігіледі, екі жолақты тігіс жүргізіледі.

Жеңдері қостігісті, қосылып тігіледі. Білек тігісінің тұсында екі-екіден формалық т ү й м е л е р қ а д а л а д ы .

Белдемше екі тігісті. Белдемшенің алдыңғы жағындағы белі бойымен төрт тігіс, артқы жағындағы белі бойымен, ортасындағы бүктемемен төрт тігіс ж ү р г і з і л е д і .

Белдемшенің жоғары жағына іш тартқыш салынады. Ілмегі, сол жақ бүйірінен сыдырмақ жүргізіледі.

## Б А С К И І М Д Е Р

### 1. Ерлер фуражкасы

Фуражка жүн матадан тігіледі.

Фуражка түпкі жағы оралымды формада тікелей иілген ширек доға бейнелі қатырмадан, күнқағары мен алтын түстес қос қатарлы жібек баудан тұрады.

Қатырманың шұғадан жасалған 2 конты болады, біреуі - тік қатырманың ширек бөліктерінің басын біріктіретін тігіске тігіледі де, екіншісі - қосыла тігілген қант фуражканың қатырмасына кигізілген репсті жібек лентаны ұстап тұру үшін қатырманың төменгі шетінен алғанда 0,5 см аралықтан өткізіледі.

Фуражканың формасын келтіріп, сақтау үшін алдыңғы шаралылықтары алға қарай шамалы еңкейтіліп, қатты тағандарға бекітіледі. Фуражканың ішкі жағына етегіндегі қанттан жоғары металл қаңқа салынады.

### 2. Ф о р м а л ы қ ұ л а қ ш ы н

Формалы құлақшын сырылған мақта астарлы, төбесі 4 сай болып келеді, күнқағары мен желкелігі тұтаса пішілген құлақжабары болады. Әртүрлі



құрамадан тігіледі: күнқағарының және құлақжабарымен тұтаса келген желкелігінің үсті қара түсті цигейка мехынан: құлақшынның жоғары жағының қалған бөліктері қара түсті былғарыдан тігіледі.

Құлақжабарының ұштарына бау тағылады.

Күнқағарының ортасына белгі қадалады.

Құлақшынның барлық бөліктері төбесінің күнқағары мен желкелігі ортасының желісіне қарсы келетін орталық тігістерімен салыстырғанда тепе-тең орналасуы тиіс. Құлақшынның үсті былғарыдан тігіледі.

### 3. Формалы берет

Формалы берет таза жүннен тігіссіз, жұмсақ дөңгелек формада жасалады. Береттің маңдайына белгі тағылады. Берет ерлер мен әйелдердің жазғы костюмдеріне сәйкес бас киімі болып табылады.

### АЯҚ КИІМ

1. Ерлердің қара түсті іші мех қысқы етіктері.
2. Ерлердің қара түсті жазғы туфлилері.
3. Ерлердің қара түсті күзгі туфлилері.
4. Әйелдердің қара түсті іші мех қысқы етіктері.
5. Әйелдердің қара түсті аласа тақалы жазғы туфлилері.
6. Әйелдердің қара түсті, аласа тақалы немесе шағын платформалы күзгі туфлилері.

Ескерту: аяқ киімдер жалпыға бірдей кең таралған стандарт үлгілері бойынша.

### ЕРЛЕР ЖЕЙДЕСІ

Жейденің жендері ұзын келеді. Жейде еркін формалы, тік. 4 формалы түймемен түймеленеді.

### БАС КИІМДЕРГЕ ҚАДАЛАТЫН БЕЛГІЛЕР

Бас киімдер үшін диаметрі 40 мм дөңгелек таңба түрінде арнаулы үлгідегі белгі дайындалады. Көгілдір фонда ұшып жүрген алтын түстес бүркіт бейнеленеді. Оның биікке қанат қаққандағы екі қанатының ортасында табиғат ресурстарының негізгі түрлері - алдында көк теңіз, одан әрі өсімдік әлемінің құшағындағы жер, арт жағында шығып келе жатқан күн нұрына шағылысқан ақ қарлы тау сілемі көрінеді.

Белгіден бұдан басқа формалы фуражкаға сұрғылт түсті жібектен ызылған екі бау тағылады.

### ФОРМАЛЫ КИІМДЕРДІҢ ТҮЙМЕЛЕРІ

Формалы киімдерге алтын түсті, үсті тегіс және айналасы жиектелген түймелер пайдаланылады. Пәлтелер мен пиджактар үшін - 22 мм, жазғы

костюмдердің, курткалардың, блузкалардың жеңінің манжеттері үшін пәлтенің тілшіктері, пәлте айырықтары, фуражка үшін - 14 мм.

#### АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ

Иықтық айырым белгілер күміс түсті алмалы-салмалы иықтық катырмалардан ұзындығы - 12 см, ені - 5 см болып дайындалады. Оған қанатын қаққан көгершін түріндегі кіші бейнелер мен дәрежесіне байланысты кесе көлденең оқалар мен жұлдызшалар түріндегі ені 30-дан 7 мм-ге дейінгі айырым белгілері көлеміне сәйкес жұлдызшалар бекітіледі. Негізгі белгіні бекітетін түйме шағын формада болады.

Айырым белгілер табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың жоғары, аға, орта, кіші және қатардағы құрамдардың 9 категориясы үшін белгіленеді.

#### ФОРМАЛЫ КИІМДЕРДІ, БАС КИІМДЕР МЕН АЯҚ КИІМДЕРДІ БЕРУ НОРМАЛАРЫ МЕН КИІС МЕРЗІМДЕРІ

Формалы киімдері, бас киімдері және аяқ киімдерді беру кестеде көрсетілген мерзімге нормаға сәйкес жүргізіледі.

##### Кесте

Формалы киімді, аяқ киімді және бас киімді беру нормасы мен олардың киіс мерзімдері

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің қызметкерлерінің қызмет категорияларының

##### КЕСТЕСІ